

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ БЕЙБІТ КЕЛІСІМДЕР

Жанғалиев У.К., аға оқытушы
Alikhan Bokeikhan University
Семей қ., Қазақстан
kurmetkalievich@mail.ru

Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы оғы атылғанад дүние өз дамуының жаңа бір деңгейіне енгендей болды. Дүниежүзілік тарихтағы ең сұрапыл, ең ауыр соғыс аяқталды. Осыдан кейін жаңа соғыс туралы ойлаудың өзі қылмыс болатын. Германия талқандалып қана қойған жоқ, оны жеңгендер оккупациялады, енді герман милитаризмнің қайта өрлеуі туралы сөз болуы мүмкін еместей көрінді. Антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің арасында орнаған ынтымақтастық деңгейі оптимизм сезімін ұялатты. «Үлкен үштіктің» жоғарғы дәрежедегі кездесулері үнемі өткізіліп отырылды. Соғыс қимылдарын үйлестіру, экономикалық ынтымақтастықты кеңейте түсу жүзеге асырылып отырды [1, 28 б.]

«Үлкен үштіктің» үшінші кездесуін-Берлин конференциясын айтуға болады. Ол Берлиннің жанындағы Потсдам қалашығында 17 шілде-2 тамыз 1945 жылы өтті. АҚШ-тан 1945 жылы сәуірде қайтыс болған Франклин Рузвельттің орына болған Гари Трумэн, Ұлыбритания-Уинстон Черчилль, КСРО-Сталин қатысты. Алайда конференция барысында күтпеген оқиға болды. Соғыстан кейінгі парламент сайлауында Черчилль бастаған консерваторлар жеңіліс тапты. Тұңғыш рет лейбористер көп орынға ие болып оның лидері Клемент Эттли үкіметті басқарды. Ол жаңа құраммен Потсдамға келді. Қырым конференциясымен салыстырғанда «үлкен үштік» құрамы жаңарды [2, 36 б.]

Берлин конференциясы бейбіт конференция болған жоқ. Себебі ешкіммен бітім жасалынбайтын еді. Германия оккупацияланды, оның территориясында билікті төрт оккупациялық зонаға бөліп, Ұлыбритания, КСРО, АҚШ, Франция жүргізді. Конференцияның басты мақсаты одақтас державалардың Германияға деген саясатын анықтау болатын. Конференцияның шешімі: барлық ұлтшыл-социалистік ұйымдарды тарату; бұрын тыйым салынған саяси партиялар мен негізгі азаматтық бостандықтарды қалпына келтіру; соғыс өнеркәсібін жою; нацистік Германияға қызмет еткен өнеркәсіпті милитаризациялауды құралы болған картельдердің ең жоғарғы басшыларын арнайы Халықаралық трибунал сотына беруге келісті [3, 55 б.]

Германияның мемлекеттік шекарасы анықталды. Германиядан Польша мен КСРО иеліктеріне Шығыс Пруссия берілді, Польшамен шекара батысқа, Одер-Нейсе өзені сызығына жылжыды. Жалпы айтқанда Германияның территориясы 1938 жылмен салыстырғанда 1/4 азайды. Германияның 1938 жылдан бастап иемденген жерлерінің барлығы ешқандай қарсылықсыз қайтарылатын болды. Конференция осы территориялардан немістердің жаппай көшірілуіне келісті. Сондай-ақ әр зонадағы соғыс тұтқындарын өзара алмасу туралы да келісім болды. Сонымен қатар КСРО, Англия мен АҚШ ты КСРО-дан батысқа қашқан азаматтардың бәрін еріксіз болса да қайтаруға келісімдерін алды. Олардың КСРО-дағы тағыдры айқын болса да, одақтастар Бұл мәселе бойынша Сталинмен қақтығысқа келмеді: Трумэн Жапония туралы ойлады, өйткені КСРО-ның қатысуынсыз оны жеңу қиынға түсетін еді, ал Эттли немістер тұтқынында болып, КСРО оккупациялаған территорияда қалған 25 мың ағылшындардың тағыдры туралы ойлады. Репарацияның жалпы сомасы 20 млрд доллар көлемінде анықталды, оның 50%-ын КСРО алатын болды [4, 29 б.]. Германияда репарация төлеуін жоққа шығаратындай финанстық қиындық туғызбау үшін, репарацияны өнеркәсіп құралдарын әкету арқылы алу көзделді.

Берлин конференциясында Германияны біртұтас мемлекет ретінде сақтап қарастырылды. Нацизмді құртқан соң елде жалпы сайлау өткізіп, жаңа демократиялық

Германия үкіметімен бейбіт келісімге қол қою жоспарланды. Оған дейін Германияда билікті оккупациялық мемелкеттер атқаратын болды. Осыған сәйкес Германия төртке бөлінді және Берлин Германияның астанасы болып қалды. 1945 жылы қарашада Нюрнбергте соғыс қылмыскерлері үстінен халықаралық сот басталды. Ұлыбритания, КСРО, Франция, АҚШ-тың білікті заңгерлері рейх басшыларын соғысты дайындау мен тұтқындарға ғана емес, соғысты жүргізу заңдары адамгершілік принциптерін бұзғаны үшін айыптады. Сот процесі он айдан астам уақытқа дейін созылды, үш ғана айыпталушы ақталды. [5, 77 б.].

1945 жылы Еуропадағы соғыстың аяғына қарай, Тынық мұхитта соғыс әлі жүріп жатқан кезде, дүниежүзінің соғыстан кейінгі құрылымы туралы шешім қабылданды. 50 елдің өкілдері Сан-Франциско қаласына (Калифорния) Біріккен Ұлттар ұйымына құру конференциясына жиналды. Оның негізгі заңдылықтары бекітілді, ол Ұлттар Лигасы уставын еске түсіретін еді. Жаңа ұйымның құжатында мемлекеттер арасында достастық қатынасын дамыту; экономикалық-әлеуметтік және гуманитарлық проблемаларды шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; дүниежүзіндегі аштық пен қайыршылық, ауруларымен күрес шараларын үйлестіру көрсетілген. БҰҰ барлық мүшелерінің теңдігі, дау-таластарды бейбіт шешу, күш қолдану қауіпінен сақтану принциптеріне негізделген. Солай бола тұрса да БҰҰ мемлекеттердің ішкі ісіне қол сұқпайды. Егер өз кезінде АҚШ Ұлттар Лигасына қатысудан бас тарса, енді сенат 3-98 дауыспен БҰҰ-ның хартиясын ратификациялады. Бұл АҚШ-тың сыртқы саясатында белең алған оқшауланудың аяқталғандығын, дүниежүзіне Құрама Штаттардың халықаралық қатынастарда жетекші роль атқаруға ниеттенгендігін көрсетті.

БҰҰ жоғарғы органы болып, сессия жылына бір рет болатын Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесінен, сол кезде 11-дің-тұрақты (АҚШ, Ұлыбритания, КСРО, Қытай) және Бас Ассамблея екі жылға сайлап, 6-ы ауысып отыратын мүше мемлекеттерден тұрды. Қазіргі кезде БҰҰ-ның 189 мүшесі бар. Оның ішінде Қазақстан Республикасының болғандығы қуантады. Уставқа сай Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікті сақтау міндетін тікелей атқаратын үнемі әркет ететін орган болып табылады. Өзінің өкілеттілігіне сай қауіпсіздік Кеңесі агрессорларға санкция салуға, блокада енгізуге және оларға қарсы күш қолдануға құқы бар. Барлық мәселелерді шешуде қауіпсіздік Кеңесінің бірауыздылығы қажет. Бас Ассамблея Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық жөніндегі кеңес. [6, 39 б.].

Халықаралық сот, БҰҰ-ның Бас хатшысы бастаған Секретариатты сайлайды. Кейінірек БҰҰ эгидасымен әртүрлі арнайы ұйымдар құрылды. Соның бірі-ЮНЕСКО (Білім, ғылым, мәдениет бойынша БҰҰ, Оның уставын алғашқыда 50 мемлекет қол қойды. Оның ішінде КСРО-нан БҰҰ мүшелері статусын алған Укарина мен Белоруссия да кірді. Германияның бұрнығы одақтасымен бітімшартын дайындау бір жарым созылды. Бейбіт бітімшартының мәтініне келісу Сыртқы істер министрлер Кеңесінің Лондонда, Парижде өткен сессияларында және КСРО, АҚШ пен Англия сыртқы істер министрлерінің мәскеуде өткен мәжілісінде жасалды. 1946 жылы 29 шілде-16 қазанда Париж бейбіт конференциясы өткізілді. Оның жұмысына 21 мемлекет қатысты: АҚШ, Англия, Франция, КСРО, Қытай, Австрия, БССР, Бельгия, Бразилия, Голландия, Греция, Индия, Канада, Норвегия, Жаңа Зеландия, Польша, УССР, Чехословакия, Эфиопия, Югославия, ОАР.

Конференцияда басты назар фашизмді түпкілікті жою, мәселесіне аударылды. Демократиялық күштер фашизмнің қайта туындауына мүмкіндік бермеуді талап етті. Бітімшартының мәтініне Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндиядағы фашистік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған баптар енгізілді. Осындай баптардың Италиямен жасалынатын бітімшартына енгізілуіне батыс мемелкеттер қарсы шықты. Бұрынғы Италия отарларының тағдыры жөнінде мәселе талқыланғанда батыс державалар, егерде сыртқы істер министрлер кеңесі бір жылдың ішінде өз пікірін білдірмесе Бұл мәселені шешуді БҰҰ-на беруге ұсыныс жасады. Оған дейін оларға

ағылшын-американ әскерлері бақылау жасады. Ол Грецияға Додеканез аралдарын, Югославияға Истрия түбегін берді.

Еуропадағы территориялық мәселелерді реттеу барысында Англия мен АҚШ өкілдері өз ұсыныстарын өткізуге барын салды. Олар грек делегациясының еш негізсіз болгар территориясына көз тігуін қолдады, Финляндияның КСРО есебінен территориялық мәселені шешуге тырысқан реакциялық тобының антикенестік көңілін қоштады, Италияның өзіне Юлиалық Крайна мен Триесті беру жөніндегі талабын қорғады. Финляндия КСРО-ға Печенга облысын берді. Үштік пактінің барлық мүшелері репарация төлейтін болды. [7, 40 б.].

КСРО соғыстан кейін өзінің территориясын тағы да ұлғайтты. КСРО құрамына Оңтүстік Сахалин мен Куриль аралдары кірді. Сонымен қоса КСРО Қытай территориясынан иелік алды, соның нәтижесінде Солтүстік-Шығыс Қытай соның ықпал ету аймағына айналды. КСРО-ға печенгадан басқа, РСФСР-дың Калининград облысы болып аталған. Шығыс Пруссия бөлігі қосылды. КСРО үкіметі Оталық және Оңтүстік - Шығыс Еуропа мемлекеттерінде өкімет басына кеңестік күштер, атап айтқанда коммунистік партиялар келуге бар күшін салды. 1945-1946 жылдарда территориясын ұлғайтудан соң КСРО Түркияға территориялық көзтігіп, Дарданеллда КСРО-ның әскери-теңіз базасын жасау құқын қоса Қара теңіз бұғаздарының статусын өзгертуді талап етті.

1946 жылдың басында АҚШ пен Ұлыбритания Солтүстік Ираннан әскерін әкетуді талап етті, КСРО-ға қысым көрсетуге мәжбүр болды. 1941 жылы КСРО мен Ұлыбритания ленд-лизбойынша КСРО-ға парсы шығынағы арқылы жүк тасымалдауды қамтамасыз ету үшін Иранды бірігіп оккупациялағанды. Әскери соғыс аяқталған соң 6 айдан соң әкетілуге тиіс болатын. Ұлыбритания мұны жүзеге асырды, ал КСРО асықпады, Солтүстік Иранда автономиялық үкімет құрылды. Осы кезде Грецияда коммунистері басқарған партизан тобы жанданды. Оларды коммунистер басқарған Албания, Югославия, Болгария сияқты шекараласып жатқан елдерден қажетті заттармен қамтамасыз етті. Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүше елдерінің сыртқы істер министрлерінің Лондон мәжілісінде КСРО өзіне Триполитанияға (Ливи) протекторат орнату құқын беруді талап етті. Бұл оның Жерорта теңізі аймағында болуын қамтамасыз ететін еді.

Егерде бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлы державалар соғыстан кейінгі дүние құрылымында экономикалық проблемаларға онша мән бермеген болса, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Бұл проблемаларға баса назар аударылды. Соғыстан кейінгі дүниеде финас тұрақтылығына қол жеткізу мен валюталық соғысты болдырмау үшін БҰҰ эгидасымен Халықаралық валюталық қор (ХВҚ) және Халықаралық қайта құру мен даму банкі (ХҚДБ) құрылды. Осылайша антигитлерлік коалиция елдерінің соғыстан кейінгі де ынтымақтастығын жалғастыра беруге негіз жасалды. [8, 56 б.].

Трумэн, Черчилль, Кеннан, КСРО-ны тежеуде АҚШ басты рольді өзі атқаруы керек деген түйін жасады. Бұл Трумэнді қиын жағдайда қалдырды. Соғыс кезінде КСРО-ға қатынасты өзгеруі соғыс ауыртпалығынан шаршау еш нәрсеге қарамай КСРО-мен ынтымақтастықты жалғастыра беруді жақтаған Уоллес тіпті саясаткерлерге де көбірек қолдау көрестілді. Осы бағытты жақтайтындар соғыс тәжірибесіне Рузвельт Сталинмен компромисске келе қалған жағдайға, Рузвельттің елемеуге болмайтын зор беделіне сүйенді. Сондай-ақ "тежеу" саясатына көшу АҚШ-тың саясатын түбегейлі өзгертетіндігі анық еді, енді америка Еуропаның барлық істеріне қоян-қолтиық араласатын болды.

1919 жылғы Париж конференциясының кезіндегідей жағдай қалыптасты: президент-демократ, ал конгресс-мемлекет басшысының кезкелген сыртқы саясат шараларын тоқтата алуға күші жететін республикандықтардан құралды. Трумэннің солқылдақтығын түсінуге болады: бұрынғы саясатты жалғастыруға немесе жаңа

саясатқа көшу. алайда оқиғалардың барысы Трумэннің көп ойлауына мүмкіндік бермеді.

1944 жылдың ақпанында ағылшындар Түркия мен Грецияға әскери және экономикалық көмек беру жоқ екендігін АҚШ үкіметіне мәлімдеді. Грециядан ағылшын әскерлерінің шығарылуы мен көмектің тоқталуы Жерорта теңізі аймағында стратегиялық жағдайды түбімен өзгертетін кеңес бақылауы орнау мүмкіндігін тудырды. Италияда коммунистердің билік басына келу жағадайы жасалды. Суэц каналына кеңес бақылауы орнауы қаупі туды. Осы жағдайлар Трумэннің өз бағытын түпкілікті айқындауына итермелемей қоймады. [9, 30 б.].

12 наурызда Трумэн Греция мен Түркияға 400 млн доллар көлемінде әскери және экономикалық көмек көрсету ойы бар екенін жариялады. Сонымен қатар ол "сыртық қысым мен қарулы азшылық жағынан езгіге түсіруге қарсы болған ерікті халықтарға" көмек көрсетуге бағытталған АҚШ саясатының міндеттерін айқындады. Осы мәлімдемесінде Трумэн АҚШ мен КСРО арасында қақтығыс деп сипаттады. Осылайша соғыстан кейінгі ынтымақтастықтан бәсекелестікке көшудің бастамасы болған Трумэн доктринасы пайда болды. 1947 жылы 5 маусымда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джордж маршал Еуропалық демократияны нығайту үшін оларға тез арада финастық және экономикалық көмек көрсету қажет деп мәлімдеді. [9, 41 б.].

Берлин блокадасы - КСРО-ның өзінің бұрынғы одақтастарымен алғашқы ашық конференциясы басталды. Бұл 24 маусым 1948 жылы басталып 324 күнге созылды. Сол уақыт ішінде Берлинді одақтастардың әскерін және Батыс Берлиннің 2 млн халқын қажет жабдықтармен қамтамасыз етуді әуе көпірі арқылы одақтастардың авиациясы жүзеге асырды. Кеңес әскері Шығыс Германия территориямыны арқылы одақтастар самолеттерінің ұшуына кедергі жасамады. Берлин блокадасы саяси аренада жаңа өзгерістер туғызды. Осы блокада тұсында 1948 жылғы қарашада өткен президенттік сайлауда Трумэн жеңіске жетті. Демократтар қайтадан конгрестің екі палатасына да бақылау орнатты. Сайлау американдықтардың көңіл-күйінде болған өзгерісті айқын көрсетті: оларда Америка қорғаныс шебі Еуропа мен Азияда орналасқан деген түсінік пайда болды және Трумэн бастаған КСРО-мен күшпен қарсыласу бағытын қолдады. АҚШ-тың оқшаулануына соңғы нүкте қойылды. [11, 87 б.].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Новейшая история стран Западной Европы и Америки 1939-1975 гг. Под ред. С.Стецковича. М., 1978. – 141 с.
- 2 Черчилль У. Вторая мировая война. – М., 1991. – Т.2.
- 3 Парсаданова В.С. Депортация населения из Западной Украины и Западной Белоруссии в 1939-1941 гг. //Новая и новейшая история. – 1989. – №2. – С.55-66.
- 4 Трухановский В.Г. Внешняя политика Англии в период второй мировой войны (1939-1945). – М., 1965. – 122 с.
- 5 Самсонов, А.М. Вторая мировая война, 1939-1945 Очерк важнейших событий // А. М. Самсонов; АН СССР, Отд-ние истории. – 4-е изд., испр. и доп. – Москва : Наука, 1990. – 637, с., л. ил. : карт.: 25 см.
- 6 Всемирная история: Вторая мировая война / А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М.Волчек и др. – Мн.: Харвест.: АСТ, 2002. – 96 с.
- 7 Смирнов В.П. Движение Сопротивления во Франции в годы второй мировой войны. – М.: Мысль, 1974. – 324 с.
- 8 Дәуірбаева Т. Еуропа мен Америка елдерінің тарихы. – Т., 2004.
- 9 Тегеран – Ялта – Потсдам: Сборник документов / Сост.: Ш.П. Санакоев, Б.Л. Цыбулевский. – 2-е изд. – М.: Издательство «Международные отношения», 1970. – 416 с.
- 10 Дьюнои Э.Р. Всемирная история воин. Книга 4-ая: 1925-1997 г. – М., 2000. С.47.
- 11 Жилин П.А. Проблемы военной истории. – М.: Воениздат, 1975. – 398 с.